



«БЕКІТІЛДІ»

Петр Чайковский атындағы
Алматы музыкалық
колледжінің директоры,
ОӘБ төрағасы
Б.Хасанғалиев

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ӘРТІСІ, МЕМЛЕКЕТТІК
СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ, ДАҢҚТЫ КОМПОЗИТОР, ӘНШІ
ЕСКЕНДІР ХАСАНҒАЛИЕВТІҢ 85 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА
ОРАЙ «КӨШПЕНДІЛЕР ӘУЕНІ»
VII ДӘСТҮРЛІ ОРЫНДАУШЫЛАР КОНКУРСЫНЫҢ ӘН
НОМИНАЦИЯСЫ БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫН
ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы ереже «Көшпенділер әуені» VII дәстүрлі орындаушылардың Республикалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізу тәртібін реттейді. «Көшпенділер әуені» Республикалық дәстүрлі орындаушылар конкурсы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне бағынысты білім беру ұйымдары педагогтарының аттестатталуына арналған конкурстар мен олимпиадалар тізіміне бекітілген.

1.2. «Көшпенділер әуені» Республикалық конкурсының мақсаты кәсіби музыкалық білім алушылардың өзара тәжірибе алмасуына мүмкіндік тудырып, олардың орындаушы-музыкант болып қалыптасуына үлес қосу. Сан ғасырдан бері мұра болып келе жатқан қазақтың әншілік өнерін, бай музыкалық мұрасын насихаттау. Жас орындаушылар арасында халқымыздың әншілік өнеріне деген қызығушылығын арттыру, орындаушылық деңгейімен шығармашылық өсуіне ықпал ету. Сонымен қатар Ескендір Хасанғалиевтің дәстүрлі ән бағытындағы әндерін жас орындаушылар арасында насихаттау болып табылады.

Байқаудың міндеттері:

- Дәстүрлі ән өнері саласындағы жаңа таланттарды анықтау.
- Қазақ халқының дәстүрлі ән өнерін дамыту үшін жағдай жасау, өскелең ұрпақты эстетикалық тәрбиелеуде оның рөлін күшейту.
- Ән өнері арқылы кәсіби шеберлікті жетілдіру, Қазақстандық патриотизмді және ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.
- Біржан сал, Ақан сері, Балуан шолақ, Кенен Әзірбаев, Мұхит Мералыұлы, Естай Беркімбайұлы сияқты ұлы қазақ әншілерінің шығармаларында адамгершілік пен патриотизм тақырыбына арналған мұраларды насихаттау.

- 1.3. Байқау колледж студенттері арасында «Дәстүрлі ән» номинациясы бойынша өткізіледі.
- 1.4. Байқауды ұйымдастырушы «Петр Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі» МКҚК жанындағы оқу-әдістемелік бірлестігі.
- 1.5. Ұйымдастыру комитетінің төрағасы – ҚР еңбек сіңірген қайраткері Хасанғалиев Б.Е.
- 1.6. Байқаудың өтетін орны — Петр Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі.
- 1.7. Байқауды өткізу мерзімі — 2025 жылдың 26-28 ақпаны.
- 1.8. Байқау «Хасанғалиев әлемі» мәдениетті қолдау қорының қаржыландыруымен өткізіледі.

2. ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

- 2.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады. (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті)
- 2.2. Ұйымдастыру комитеті байқаудың ашылу және жабылу жиыны мен сахнаны безендіруге жауапты.
- 2.3. Келіспеушілік туындаған сұрақтарды шешу ұйымдастыру комитетінің төрағасына тиесілі.
- 2.4. Конкурсты жарнамалау мақсатында ұйымдастыру комитеті Бұқаралық ақпарат құралдарына баспасөз релиздерін ұсынады және ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында орналастырады.
- 2.5. Ұйымдастыру комитеті конкурсты ақпараттық-жарнамалық қолдау түрлерін айқындайды.

3. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ

- 3.1. Байқауға колледж студенттері қатыса алады.
- 3.2. Әр колледжден қатысатын үміткерлер саны 3 қатысушыдан аспауы керек.
- 3.3. Байқау тыңдауларының нәтижелерін талқылау кезінде қазылар алқасының мүшелері байқауға қатысқан өз студенттерін бағалауға құқығы жоқ.
- 3.4. Байқауды ұйымдастырушы ретінде Петр Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінен 5 қатысушы қатыса алады.
- 3.5. Байқауға қатысушылардың өтінімдері 2025 жылдың 10 ақпанына дейін қабылданады.
- 3.6. Байқау екі кезеңнен тұрады.
- 3.7. Байқаудың II кезеңіне байқауға қатысушылардың 30% жіберіледі. Ұйымдастыру комитетінің шешімімен II кезеңге өтетін үміткерлер саны артуы мүмкін.
- 3.8. Байқауға қатысушыларға әр айналымның алдында дайындық класстары кесте бойынша беріледі.

3.9. Байқауға қатысушылардың өнер көрсету тәртібі жеребе арқылы белгіленеді. Жеребеге үлгермеген қатысушылар реттік номері бойынша соңында өнер көрсетеді.

3.10. Байқауға қатысушыларды тыңдау ашық түрде өткізіледі.

3.11. Барлық орындалатын шығармалар жатқа орындалуы тиіс.

3.12. Байқауға қатысушылар міндетті түрде ұлттық киім үлгісінде сахнаға шығуы қажет.

4. БАЙҚАУДЫҢ ТАЛАПТАРЫ

4.1. I кезең

1. Халық әні.

2. Халық композиторларының әні.

3. Е.Хасанғалиевтің дәстүрлі ән бағытындағы әні. Өз қалауы бойынша.

4.2. II кезең

1. Халық композиторларының жоғары регистрдегі әні.

2. Сирек орындалатын халық әні немесе халық композиторларының әні.

3. Ескендір Хасанғалиевтің дәстүрлі ән бағытындағы әні. Өз қалауы бойынша.

Е.Хасанғалиев әндерін <https://music-college.kz/> осы ссылақ бойынша жүктеуге болады. («Ағайын», «Мұхит бабам», «Ақынның домбырасы», «Өлең сөздің патшасы», «Туған өлкем», «Ақжайық елім», «Әскер әні», «Айналдым елім», «Көңіл назы», «Алтын құмдағы тебіреніс»)

Байқауға қатысушылар Ескендір Хасанғалиевтің I кезеңде орындаған әнін II кезеңде қайталамауы тиіс.

5. КОНКУРСТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

5.1. Байқауда қазылар алқасы байқау лауреаттары мен дипломанттарын тағайындайды.

Гран-при – 1;

I орын – 1;

II орын – 2;

III орын – 3;

Дипломанттар – 3.

5.2. Байқау жүлдегерлері мен дипломанттарына қомақты ақшалай сыйлықтар табысталады.

5.3. Ақшалай сыйлықтар қатысушы мен ұстазына 50% - 50% бөлінеді.

5.4. Байқау лауреаттары мен дипломанттарын дайындаған ұстаздарына Алғыс хат табысталады.

5.5.ІІ кезеңге өтпеген қатысушыларға қатысқаны үшін Алғыс хаттар табысталады.

5.6. Қазылар алқасының шешімімен лауреат атанған қатысушылар байқаудың салтанатты жабылуындағы Гала-концертке қатысуға міндетті.

6. БАЙҚАУДЫҢ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ

6.1. Байқауға қатысушылардың өнерін бағалау, сондай-ақ қорытынды шығару және конкурс жеңімпаздарын анықтау туралы шешім қабылдау үшін қазылар алқасы құрылады.

6.2. Қазылар алқасының құрамында елімізге белгілі өнер қайраткерлері қазылық етеді.

6.3. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді және оған төрағамен қазылар алқасының барлық мүшелері қол қояды.

6.4. Қазылар алқасының шешімі көпшілік дауыспен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда қазылар алқасы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

6.5 Қазылар алқасы құқылы:

- Барлық жүлделі орындарды бермеуге;

- Қазылар алқасының шешімі бойынша ІІІ дәрежелі лауреаттар мен дипломанттар саны көбеюі мүмкін;

6.6 Қазылар алқасының шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

7. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ

7.1. Байқауға қатысу үшін 2025 жылдың 10 ақпанына дейін қатысушы өтініш үлгісін жіберуі қажет (1-қосымша) — тек Word бағдарламасында толтырылған.

7.2. Өтінішті konkurs.dasturlian.22@mail.ru электрондық почтасына жіберуі керек.

7.3. 2025 жылдың 10 ақпанынан кейін түскен өтінімдерді Байқауды ұйымдастыру комитеті қабылдамайды.

7.4. Толық емес қосымшалар немесе жоғарыда аталғандары жоқ материалдар қабылданбайды.

8. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛЫ ЖӘНЕ АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

8.1 Ұйымдастыру комитеті аудио немесе бейнежазбаға, сондай-ақ барлық конкурстық тандауларды және Байқау жеңімпаздарының қорытынды концертін радио, теледидар немесе интернет арқылы таратуға құқылы.

8.2 Байқау лауреаттары қорытынды концертте өнер көрсетуге міндетті.

8.3 Қатысушылар байқауда өнер көрсеткені үшін сонымен қатар ұйымдастыру комитеті олардың орындауындағы аудио немесе бейне жазбаларды, теледидар немесе интернет арқылы таратуға құқылы.

8.4 Осы ереже колледждің <https://music-college.kz/> ресми сайтында жарияланады.

8.5

9. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР

9.1. Байқауға қатысу үшін қатысу жарнасы алынбайды.

9.2. Қатысушылардың Байқауға қатысуына байланысты барлық шығындары өз қаражаты есебінен жасалады.

10. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ

Байқаудың ұйымдастыру комитеті

Мукушева Гульмира Курабаевна, директордың ОӘБ жөніндегі орынбасары,
байқау координаторы

+7 701 711 36 45

Алшынова Гүлім Сәкенқызы, «Дәстүрлі ән салу» ПЦК төрайымы

+7 707 385 46 56

Сатарова Үміт Жолдыбайқызы, «Дәстүрлі ән салу» ПЦК оқытушысы

+7 771 789 24 94

Искаков Жулдыз Маратұлы, «Дәстүрлі ән салу» ПЦК оқытушысы

+77087226792

**«Көшпенділер әуені» VII дәстүрлі орындаушылардың
Республикалық конкурсына қатысуға өтінім**

Қатысушының аты-жөні	
Қаласы	
Қатысушының оқу орны толық атауы	
Оқытушының аты-жөні	
Оқу орны директоры ТАӘ	
Байланыс телефондары	Телефон: e-mail:
I кезең бағдарламасы	1. 2. 3.
II кезең бағдарламасы	1. 2. 3.

Өтінімге қосымша қатысушының оқу орнынан анықтама және туу туралы куәліктің көшірмесі жіберіледі.

Байқау бағдарламасы

- 1. Ұйымдастыру комитетінде Байқауға қатысушыларды тіркеу:**
25.02.2025 ж., 10.00-12.00, №319 кабинет.
- 2. Жеребе тарту:**
25.02.2025 ж., 14.00 сағ., Камералық зал.
- 3. Дайындық:**
25.02.2025 ж., 14.30-20.00, дайындық класстарында.
- 4. Байқаудың салтанатты ашылуы:**
26.02.2025 ж., 10.00-11.00, Ермек Серкебаев атындағы Концерттік залы.
- 5. Байқауды тыңдау:**
I кезең - 26.02.2025 ж., 11.00-19.00 (13.00-14.00 түскі үзіліс).
II кезең 27.02.2025 ж., 10.00-17.00 (13.00-14.00 түскі үзіліс)
- 6. Марапаттау рәсімі. Лауреаттардың қатысуымен Гала-концерт:**
28.02.2025 ж., 12.00 сағ., Ермек Серкебаев атындағы концерт залы.